Сыр бойы

13 ШІЛДЕ БЕЙСЕНБІ 2017 жыл №103 (19389)

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Германия Федеративтік Республикасының Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесті.

Мемлекет басшысы Ф.-В.Штайнмайердің Германия Президенті ретінде Қазақстанға алғашқы сапармен келіп отырғанын атап өтіп, оған «ЭКСПО-2017» көрмесін аралап көруге қызығушылық танытқаны үшін ризашылық білдірді.

– Мен Сізді еліңіздің Президенті лауазымына сайлануыңызбен құттықтаудың осындай мүмкіндігі туындағанына қуаныштымын. Сіз дүние жүзіне белгілі әрі көпшілік құрметтейтін саясаткерсіз. Германия халқы өзіңіздей беделді Президентке ие болды. Біз бір-бірімізді көптен бері білеміз. Сізбен ынтымақтастықта болып, жүздесу әрдайым көңіл қуантады. Сіз сыртқы істер министрі лауазымында болған кезде біз кең көлемді түрлі мәселелерді талқылаған едік, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті Германия әлемдегі ең ірі экономикасы бар ел екенін айтып, елдеріміз жақсы әріптес болып отырғанына тоқталды.

– Қазір ынтымақтастығымыздың жаңа бағдарламалары бар. Қазақстан осы қарым-қатынастарды барлық бағыттар бойынша дамытуға мүдделі. Сіздің сапарыңыз аясында Іскерлік кеңес өтуде. Елдеріміздің бизнес-құрылымдары арасында 20-ға жуық келісімге қол қойылады, – деді Мемлекет басшысы.

Германия Федеративтік Республикасының Президенті Ф.-В.Штайнмайер Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанға шақырғаны үшін бүкіл Германия делегациясы атынан алғыс айтты.

– Сізге қонақжайлық танытып, Германияға және жеке өзіме қатысты айтқан жылы лебізіңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Президент ретінде сайланғаннан кейін мен Қазақстанға алғаш рет келіп отырмын. Осы сапарымның өзіндік ерекшелігі де бар. Биыл біздің мемлекеттер арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнағанына 25 жыл толып отыр, – деді Ф.-В.Штайнмайер.

Германия Президенті екі ел арасындағы ынтымақтастық оң қарқын алып отырғанына назар аударды.

– Ширек ғасырда экономикадағы, мәдениеттегі және саясаттағы өзара қарым-қатынасымыз нығайып, тереңдей түсті. Осы іскерлік қатынастардың артқанының бірден-бір көрсеткіші ретінде Германия ұйымдары мен компанияларының «Астана ЭКСПО-2017» көрмесіне белсенді түрде атсалысуын айтуға болады. Осы орайда, көрмедегі Германия күнінің менің сапарыммен тұспа-тұс келгеніне өте қуаныштымын, – деді Ф.-В.Штайнмайер.

Германия Президенті болашақтың энергетикалық мәселесіне арналған халықаралық көрме тақырыбының өзектілігін де атап өтті.

СЫР ЕЛІНДЕГІ СЕРПІНДІ ІСТЕР

Зымыраған уақыт, әне-міне дегенше жылдың алғашқы жартысын да артқа тастадық. Алты ай аз мерзім емес. Сондықтан да аймақта осы кезеңде қандай жетістіктерге қол жеткіздік, өңірдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы қандай, көз жүгіртіп өткен артық болмас.

Бірден айта кетейік, Мемлекет басшысы айқын басымдық беріп отырған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын мейлінше нәтижелі жүзеге асыруға күш салынуда. Ағымдағы жылы облыста экспортқа бағытталған 2 кәсіпорынды іске қосу жоспарланып отыр. Олар:

– Молибден триоксисін өндіретін кәсіпорын («Тримо» ЖШС), нәтижесінде өнімді Жапонияға экспорттау жолға қойылады. Әлемде басқа үлгісі жоқ ерекше технология бойынша молибденнің таза оксиді алынады.

– Шыны зауыты («Orda glass» ЖШС), бүгінде АҚШ, Италия, Финляндия, ҚХР секілді әлемнің жетекші елдерінен қондырғылардың 99 пайыздан астамы жеткізілді. Қазіргі уақытта металлоконструкциясын жинау жөніндегі жұмыстар басталды. 2017 жылғы 15 мамырда Мемлекет басшыларының Пекин қаласында өткен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық форумында кездесуі аясында қытайлық «Чайна Триумф» компаниясы мен «Orda Glass ltd» ЖШС арасында шыны зауытының құрылысын үстіміздегі жылдың желтоқсанында аяқтау жөніндегі меморандумға қол қойылды. Одан бөлек, ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаевтың Сыр өңіріне жұмыс сапары кезінде құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтау үшін мердігерлік шартқа қол қою рәсімі өтті.

«Баласауысқандық» кен орнын игеру жөніндегі жобаға белгіленген жұмыстар жоспарға сәйкес жүруде. Сондай-ақ, жылына 1 млн тонна мұнай және газ өндірісінде қолданылатын тампонажды цемент шығаратын зауыттың (құны 64 млрд теңге) құрылысы басталды. Міне, осы жобаларды алға бастыруда алғашқы алты айлықта нәтижелі жұмыстар атқарылды.

Индустриялардыру картасы аясында жүзеге асырылған 25 жобаның бүгінгі таңда 15-нің өндірістік көлемі 90 пайыздан 100 пайызға дейін орындалуда, 4 жоба бойынша 50-ден 90 пайызға дейін, 2 жоба бойынша 50 пайызға дейін жүктелген.

Соңғы жылдары облыста тұрғын үй құрылысы кең етек жайғаны белгілі. Сол қарқынды төмендетпей, жыл басынан бері 980 пәтерлік 19 тұрғын үй пайдалануға берілді (оның 5-і (300 пәтер) «Бәйтерек Девелопмент» АҚ желісі бойынша және 14 тұрғын үй (680 пәтер) жергілікті атқарушы орган шығарған облигациялардың (несиелік баспана) есебінен).

Демографиялық ахуалдың дамуын негізге ала отырып, Қызылорда қаласының сол жағалауын игеру бойынша ауқымды жұмыстар басталғанын атап өту керек. Алғашқы шағын ауданның 18 көпқабатты үйінің, жастарға қызмет көрсету орталығының, «Болашақ» университеті студенттер қалашығының және бірқатар әлеуметтік-мәдени нысандар құрылысы басталып кетті.

Аймақ экономикасына салынған инвестиция көлемі артып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бюджет мүмкіндігінің шектеулі екенін ескере отырып, халықаралық қаржы институттарының және мемлекеттік-жеке әріптестік қаржылары пайдаланылуда. Еуропалық қайта құру және даму банкінің жалпы сомасы 100 млн АҚШ долларынан асып түсетін 4 жоба жүзеге асырылу сәтінде. (Жылу орталығы, КРЭК, водоканал, автобус паркі). Мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде 20 млрд теңгенің 15 жобасы жүзеге асырылатын болады. Олардың 2-і бойынша келісім-шартқа қол қойылды.

2-бет

ДАРИЯДАН МОЛ СУ ӨТКІЗУ ТӘЖІРИБЕДЕ БАР

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтіп, онда бірнеше мәселе қаралды.

Селекторлық режимде өткен мәжіліске аудан әкімдері де қатысты.

Алдымен аймақ басшысы сәуір айының аяғында елді мекендерді су басу қаупі туындағанын, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші ел болып бірігіп әрекет еткеннің нәтижесінде төтенше жағдайдың алдын алып, қиындықтың артта қалғанын айтып өтті.

Мұнан кейін көктемгі мол су кезеңіндегі қабылданған және су тасқынына қарсы дайындық шаралары туралы облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Серік Сермағанбетов хабарлама жасады.

Хабарламашының айтуынша, ағымдағы жылы жоғарыдағы таулы аймақтарда көп мөлшерде жауын-шашынның түсуі Сырдария өзені бассейні арқылы Шардара су қоймасы мен Көксарай су реттегішіне мол судың жинақталуына себеп болған. Нәтижесінде өзен арнасымен облыс аумағына секундына 1500 текше метрге дейін су босатылған.

– Облыс әкімінің мәселені Үкімет деңгейіне дейін көтеріп, жедел ұйымдастырылған алдын алу шараларының арқасында елді мекендерге, ауылшаруашылық жерлері мен өзге де инфрақұрылымдарға төнген қауіп сейілді. Қалыптасқан жағдайға байланысты барлық аудандар мен Қызылорда қаласында жедел штаб құрылып, азаматтық қорғау қызметтері күшейтілген режимге көшірілсе, 4 ауданда табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды. Қызылорда су торабына дейін өзен арнасындағы су көлемін азайту мақсатында Жаңақорған, Шиелі аудандары аумақтарындағы арналар мен көлдер жүйесіне жіберілетін су көлемі есептеліп, қосымша суды мәжбүрлеп бұру арқылы ой жерлерге жіберу шаралары қарастырылды,– деді С.Сермағанбетов.

Ағымдағы жылы республиканың 7 облысында су тасқынының орын алуына байланысты «Су тасқыны қатерлерінің алдын алу және жою жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған шаралар кешені» жол картасы бекітілген.

– Облыс аумағына мол судың келіп түсуіне байланысты жұмысшы топпен су шаруашылығы нысандарына қайта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, алдын ала есептемелер бойынша қажетті қаржысы 531,8 млн теңгені құрайтын жалпы ұзындығы 37,2 шақырым 39 қауіпті учаске анықталды. Бұл жұмыстарды қаржыландыру мәселесі су ресурстары комитетімен пысықталып, Жол картасының екінші кезеңіне енгізіліп отыр,– деді басқарма басшысы.

Осы орайда С.Сермағанбетов анықталған 39 қауіпті учаскенің ішінен кезек күттірмейтін аса қауіпті 8 нысанның бар екенін жеткізді. Сондай-ақ, басқарма басшысы Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының мәліметі бойынша бүгінгі таңда «Тоқтағұл» су қоймасында 18,7 млрд текше метр, Қайраққұмда 3,3 млрд текше метр су жиналғанын, шілде айының ортасында «Тоқтағұл» су қоймасы толып, транзиттік режимге көшеді деген болжамның бар екенін айтты. Бұл дегеніміз, алдағы уақытта өзен арнасына көп мөлшердегі суды қабылдауына дайын болуы керек. Осы жағдайға сай қала, аудан әкімдіктері мен тиісті мекемелер қауіпсіздік шараларын қарастыру керек екені ескертілді.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу бойынша көктемгі залалсыздандыру жұмыстарының қорытындысы жөнінде баяндаған басқарма басшысы Серік Сермағанбетов ағымдағы жылдың эпидмаусымында облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің ресми мәліметіне сәйкес, облыс аумағында аталған аурудың қоздырғышы болып табылатын кенелерден қолайсыз аймақ болып 117 елді мекеннің анықталғанын айтты. Оған қоса жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қолайсыз аймақ болып қосымша 10 елді мекен анықталған.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша қалыптасқан жағдайға байланысты, биылғы жылдың алты айында облыс бойынша 800-ге жуық адам кене шағу фактісімен тіркеліп, Қырым қанды безгегіне ықтимал жағдаймен 16 адам ауруханаға жатқызылып, 2 жағдай зертханалық әдіспен расталған. Оның біреуі өлім жағдайымен аяқталса, екіншісі тиісті ем қабылдап, ауруханадан шығарылған. Тіркелген 16 жағдайдың 12-сі ауру қоздырғышы болып табылатын кенелер анықталмаған елді мекендерден шықса, 4 жағдай қолайсыз болып танылған аймақтан тіркелген.

Мәжілісте облыс әкімі көтерілген мәселелерге қатысты тиісті сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма беріп, барынша жауапкершілікпен қарауды ескертті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

800

● ОҢТҮСТІКТЕН – СОЛТҮСТІККЕ

БОС ЖҰМЫС ОРНЫНА МАМАН ШАҚЫРАДЫ

Аптаның сейсенбі күні Қызылорда облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұйымдастыруымен Жаңақорған және Шиелі аудандарында бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді. Оған облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Гаухар Қалмақова және Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Гүлмира Галиулина қатысты.

Жиын барысында «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» 111 бағыты аясында бағдарламаға қатысушыларды ерікті түрде қоныстандыру жөнінде әңгіме өрбітілді. Бұл жоба жұмысқа жарамды ел азаматтарын мамандығына сай жұмыспен қамту және де халқы тығыз орналасқан Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан тұрғыны сирек, жері кең солтүстік облыстарға қоныстануына мүмкіндік беру екендігі белгілі. Еліміздің тұрақты дамуы мен демографиялық саясаттың дұрыс жүруі үшін де мұның маңызы зор екендігі анық. Елбасының өзі қолдап отырған осы мәселе аталған жиын барысында мамандар тарапынан дұрыс та жақсы түсіндірілді. Аққайың ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысының орынбасары Гүлмира Есенбеккызының мәлімдеуінше, нақты уақытта Солтүстік Қазақстан облысы 800 бос жұмыс орнына маман шақырады. Олардың арасында орыс тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері, сондай-ақ, бастауыш сыныптар мен информатика пәндерінің мамандарына қажеттілік бар. Агроном, мал дәрігері, фельдшер, мәдениет қызметкерлеріне де сұраныс туындаған. Токарь, дәнекерлеуші, құрылысшы мамандықтары да ол жақта қат көрінеді. Облыс орталығынан 60 шақырым қашықтықтағы Аққайың ауданының өзіне 47 білім саласының маманы керек. Және де олардың

әрқайсысына пәні бойынша 20-24 сағат жүктемемен жұмыс істеу мүмкіншілігі бар көрінеді.

Бағдарламаның қағидасына байланысты отбасы сол жаққа қоныс аудара қалған жағдайда отбасы отағасына елу еселенген есептік көрсеткіш көлемінде субсидия беріледі. Бұл деген 106 мың теңгені құраса, отбасының қалған мүшелеріне 79 мың теңге көлемінде қаржы тиесілі деген сөз. Әрине, қазіргі бағаммен аса көп те емес, дегенде, жаңа жерде тіршілік бастауға жетерлік-ақ қаржы. Ауылдан ұзамай, «жұмыс жоқ» деп көше айналып, дастархан басында міңгірлеп отырғанша, тәуекел етуге тұрарлық іс секілді. Әсіресе, жастардың жаңа өмір бастауына қолайлы жағдай. Бұл мемлекет жасап отырған үлкен қамқорлық. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы үш бағыт бойынша жүргізілетіндігін айтқан жөн.

Шиелі ауданы, Бұдабай атындағы мәдениет үйінде өткен жиында аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов барынша қарапайым да түсінікті тілмен жұмыспен қамтылу жолында ерікті түрде жаңа өңірге қоныс аудару мәселесін түсіндірді. – Өткен жылы, – дейді ол, – «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында Шиелі ауданынан Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласына 3 отбасы қоныс аударып, олардан еңбекке жарамды 5 азамат жұмыспен қамтылды.

Жаңақорған ауданындағы кездесуде аудан тұрғындары Р.Жәлімбетов, С.Садыров және басқалар сауал қойып, ондағы орташа айлық жалақы мөлшері мен тұрғын үймен қамтамасыз етілу жағдайын білгісі келсе, Шиелі ауданында кент тұрғыны Гүлмира Құрманбекова, жаңа жұмысқа талаптанушы Бейбіт Ділдабаев өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қойып, тиянақты жауап алды. Оларға жатақханадан орын беріліп, басқа да жеңілдіктерінің қоса жүргізілетіндігі айтылды.

Жиын барысында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Гаухар Қалмақова, бас маманы Гауһар Жұмашева, Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы бөлім басшылары А.Ахметов пен А.Алдабергенов түсіндірме мәліметтер берді.

Солтүстік облыстарға ерікті түрде қоныс аудару барысында ескеретін жағдай, бұл бағдарлама биылғы жылы басталса, 2021 жылға дейін жалғасады.

8-бет

БИЫЛ 8 МЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖЕР ТЕЛІМІН АЛАДЫ

Жыл сайын жер телімін алып, баспана салған жерлестеріміздің саны көбейіп келеді. Облыстық жер қатынастары басқармасы мамандарының дерегінше биыл аймақ бойынша 8 мың тұрғынға жер телімі табысталады.

Қазір облыста жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін алуға берілген өтініш саны 110526-ға жетіп отыр, оның 27477-сі қанағаттандырылды. Қалған 83049 (Арал – 4243, Қазалы – 6094, Қармақшы –5824, Жалағаш – 2161, Сырдария – 807, Шиелі – 7327, Жаңақорған – 3390, Қызылорда қаласы – 53203) өтініш арнайы кезекке қойылып отыр.

Биыл табысталатын жер телімінің 4491-і облыс орталығына тиесілі, аудандар бойынша 3648 учаске берілуі керек.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

СЫР ЕЛІНДЕГІ СЕРПІНДІ ІСТЕР

Экономикадағы оң үдерістер жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайыз ұстап тұр (2017 жылдың бірінші тоқсанында республикада 4,9 пайыз). Үстіміздегі жылдың 5 айында 229 жаңа өндіріс іске қосылып, 5129 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде 4819 тұрақты жұмыс орны.

Үстіміздегі жылы халықты жұмыспен қамтудың кешендік жоспары аясында 33 мың адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Оның 22 мыңы жұмыссыз болса, 11 мың азамат өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Бүгінгі күні 12 мыңнан астам адам қамтылды. Оның ішінде жаңа жобаларға 3 мыңнан астам, бос лауазымдар орнына 4 мыңнан астам, өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту шеңберінде 5 мыңға жуық адам жұмысқа тартылды.

Еңбек нарығында «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасына қатысушыларды қамту» аясында техникалық және кәсіптік білім берудің бірінші бағыты шеңберінде жоспарға сай 1515 адам қажет. 3518 жұмысшы кадрларды қайта оқыту көзделіп отыр. Бүгінде бұл бағытта 482 адам жұмыспен қамтылып отыр. Өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде аймақтағы кәсіпкерлікті жаппай дамыту мақсатында Бірыңғай жол картасы қабылданды.

Орталық органдар секілді біздің облыстық әкімшілікте де ең жетекші талдау платформалары мен IT технологияларын пайдалана отырып, мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісі ретінде «Жобалық кеңсе» енгізу жұмыстары белсенді түрде басталды. Жобалау менеджменті Батыс Еуропа елдерінде, сондай-ақ Ресей Федерациясында кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде Ресей Федерациясы Белгород облысының тәжірибесін пайдаланып, облыстық деңгейде жобалық кеңсені құру бойынша жұмыстар қызу жүргізіліп жатыр.

«Бизнес-бастамаларды қолдау» бағдарламасы бойынша «Бастау-Бизнес» жобасы аясында 937 адамды оқыту көзделіп отыр.

Қазіргі уақытта, 468 адам бизнес негіздері бойынша оқытылды. Кәсіпкерлік дағдыларды меңгерген 487 адам шағын несие алып, кәсібін бастауға немесе кәсібін кеңейтуге мүмкіндік иеленді.

«Еңбек нарығын дамыту аясында халықты жұмыспен қамтуды және еңбек ресурстарының ұтқырлығын қолдау» арқылы 5180 адам қамтылады. Бүгінде 4680 адам жастар практикасына жіберілуде (809), сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарына (530), қоғамдық жұмыстарға (3347) жіберілді. Еңбек нарығын жаңғырту барысында өндірісте немесе басқа салаларда қысқартуға ұшыраған қызметкерлерді қайта қабылдау, даярлау жұмыстары жүріп жатыр. Облыста 12 ірі кәсіпорында қысқарған жұмысшыларды қайта даярлау, жұмысқа орналастыру Картасы іске қосылды.

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындаған тапсырмаларға сай бизнеске әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында Кәсіпкерлерді қолдау орталығы ашылды. Орталық 1 ақпаннан бастап «бір терезе» аясында кәсіпкерлерге мен инженерлік рұқсаттар және қажетті құжаттарды беруде.

Бұл қызметтер екінші жартыжылдықтан бастап электрондық форматқа ауыстырылады. Сонымен бірге, «Қызылорда облысындағы жаппай кәсіпкерлікті дамыту жобасын басқару» жобасымен жобалау олимпіне қатысуға тапсырыс берілді.

Бұл шаралардың бәрі бюджет қазынасын молайтуды көздейді. Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік бюджетке 47 млрд 579 млн теңге түсім түсіріп, болжамды жоспарды 107,2 пайызға орындады. Өткен жылдың бірінші жартысына қарағанда өсім қарқыны 113,4 пайыз, яғни 5 млрд 624 млн теңгенің түсімі артығымен қамтамасыз етілді. Оның ішінде республикалық бюджетке 27 млрд 366 млн теңге түсім түсіп, жоспардың орындалуы 105,6 пайыз құрады немесе жоспардан 1 млрд 44 млн теңге артығымен өндірілді. Жергілікті бюджетке түскен түсімнің көлемі 20 млрд 213 млн теңге, жоспардың орындалуы 109,5 пайызға тең.

Бұл облыстың әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуының ең өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

(Басы 1-бетте. Жалғасы 3,4,5,6-беттерде).

БҮГІНГІ БІЛІМ САПАСЫ – БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫ

Қарыштап дамып бара жатқан қоғамның талабынан қалыс қалмай, ғылым мен техниканың жаңаша мүмкіндігін игеру үшін бүгінгі ұрпаққа терең білім керек. Рас, уақыт ағымымен орта білім беру бағдарламасы күрделеніп келеді. Сол себепті баланы балабақша қабырғасынан негізгі білімге баулуға барынша мән беріліп отыр. Айталық, облыс бойынша 791 мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды. Онда 52 899 бала тәрбиеленуде. Бүгінгі таңда 3-6 жастағы балалардың мектепке дейінгі оқытумен қамтылуы 100 пайызды құрап отыр. Нақты кезеңде облыстағы 542 балабақшада 42 мыңнан астам бала тәрбиеленіп келеді. Оның ішінде 384 жекеменшік балабақша жұмыс жасайды. Бұл барлық балабақшаның 70,8 пайызын құрайды.

Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз бар. Мұғалімдердің заман талабына сай сапалы білім беруге қабілеттілігі арта түсті. Облыс бойынша жалпы орта білім беретін мектеп саны – 293, онда биыл 141943 бала білім алды. Осы аталған білім беру ұйымдарында 20 409 педагогикалық кадр жұмыс жасайтын болса, олардың 18777-сі жоғары білімді. Біліктілік арттыру курстарынан 6812 педагог қызметкерлерді оқыту жоспарланған еді, қазіргі таңда 5074 педагог біліктілігін арттырды.

Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы биыл 20-22 маусым аралығында 9 тестілеу пунктінде өткізілді. Оған мектеп бітіруші 6412 түлектің 4188-і, яғни 65,3 пайызы қатысты. Талапкерлердің екеуі ең жоғары – 136 балл, ал 800-і 100-ден жоғары балл жинады. Облыс бойынша қорытынды балл 82,35-ті құрады. Жоғары оқу орнына түсу үшін төменгі шекті 50 балдан кем жинаған талапкерлер саны – 147, яғни бұл жалпы қатысушылардың 3,5 пайызы. Осы орайда айта кетейік, биылғы жылғы тестілеудің қорытындысымен, Қазалы, Сырдария, Арал аудандарының түлектері жоғары нәтиже көрсетті. Білім сынағының қорытындысымен, облыс бойынша апелляцияға 64 бітіруші өтініш беріп, оның 6-ы қанағаттандырылып, қосымша 63 балл алды. Сонымен бірге, 152 талапкер шығармашылық мамандықтарға тест тапсырды.

2013 жылдан бастап облыста 3 ауысымда оқитын мектептер қатары жойылды. Ал биылғы жылы 11 апаттық мектептің құрылысын салу үшін облыстық бюджеттен 4 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарында 8 мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ал, Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беретін алты мектеп пен бір балабақша қазақстандық білім беру стандартына көшірілді.

2016 жылы жоғары сыныптарда ағылшын тілінде білім беруге кезеңі кезеңімен өту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленген болатын. Соған сәйкес М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі мен «KATEV» халықаралық қорының арасында жасалған меморандум аясында математика, физика, химия және информатика пәндерінен ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдерді даярлау бойынша пилоттық жоба басталған болатын. Бүгінде бұл жұмыстар лайықты нәтижесін беріп отыр. Айталық, 2016-2017 оқу жылында 1-ші сыныпқа қабылданған 18034 оқушы жаңартылған білім беру мазмұнында оқытылып, бағдарламаны өз деңгейінде меңгеріп шықты.

Қазіргі таңда Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату, соған сәйкес жоғары сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшуді ұйымдастыру 46 инновациялық мектепте жүргізілуде.

Заман талабына сай барлық мектеп интерактивті білім беретін контентке қосылды.

Мемлекет басшысы өзінің дәстүрлі Жолдауында бүгінгі қоғам талабына сай білікті кәсіби маман даярлау мәселесіне ерекше назар аударып, білім саласына біршама міндеттер жүктеген болатын. Аймақта бұл бағыттағы жұмыстар да өз мақсатына сай жүзеге асырылып келеді. Атап айтар болсақ, 2016-2017 оқу жылында 31 колледжде аймақтың еңбек нарығына қажетті 97 мамандық бойынша 22 428 студент білім алды. Нәтижесінде, бітіруші 6505 студенттің 4359-ы, яғни 67,9 пайызы, оның ішінде мемлекеттік тапсырыспен бітірген 4417 студенттің 3212-сі жұмысқа орналасты. Жыл басынан бері «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» жаңа жобасы жүзеге асырылуда. Бұл мақсатқа кәсіптік білімі бар кадрлар даярлауға 1515 орын және қысқамерзімді курстар арқылы даярлауға 1335 орын мемлекеттік тапсырыс бөлініп отыр.

Қорыта келе, өткен оқу жылдарының өзіндік ерекшелігі болғанын атап өткеніміз жөн болар. Айталық, соңғы үш жылда республика көлемінде орташа білім көрсеткіші бойынша облыс түлектері алдыңғы бестіктің қатарында келеді. Сонымен бірге, осы кезеңде аймақ басшысының қолдауымен, 400-ге жуық түлек Ресей Федерациясының таңдаулы жоғары оқу орындарында білім алуда. Ал «Серпін» бағдарламасымен 1254 түлек түрлі мамандықтарға даярланып жатса, ауылдық жерде тұратын, әлеуметтік қолдауды қажет ететін 500 бала облыс әкімінің арнайы грантымен білім алып жатыр.

Ғазиза ӘБІЛДА.

ЕМДЕУ САЛАСЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ ЕРЕКШЕ

Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуінің негізгі шарттарының бірі - денсаулық саласының дамуы және халық денсаулығының жақсаруы болып табылады. Елбасының 5 институционалдық реформасының «100 нақты қадам – Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың жаңа кезеңі» Жоспарының қабылдануы да осы сөзіміздің дәлелі.

Осы Үлт Жоспарының 80,81,82-қадамдарында денсаулық саласының дамуының маңызды бағыттары айқындалып, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, халық денсаулығына ортақ жауапкершілік және салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау бағытындағы бастамалар нақтыланды.

Бұл бағытта мақсатты іс жетерлік. Мәселен, 2016 жылы салаға бөлінген қаржы көлемі 32,9 млрд теңгені құрады. Өткен жылы республикалық бюджет есебінен 14 нысан құрылысының жүргізілуіне қаржы бөлініп, осының нәтижесінде Қызылорда қаласында 200 төсектік облыстық балалар ауруханасы, Жаңақорған ауданы Түгіскен ауылындағы дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Жалпы, денсаулық сақтау саласында соңғы үш жыл ішінде республикалық және облыстық бюджет есебінен қомақты қаржы бөлініп, 36 нысан пайдалануға берілген.

Одан бөлек, былтыр маусым айынан бастап облыста офтальмохирургиялық орталық ашылып, аймақ тұрғындарына медициналық көмек көрсетуде. Оған жергілікті бюджеттен 90 млн теңгеге жоғары диагностикалық құрал-жабдықтар алынып, алдыңғы жылмен салыстырғанда өткен жылы жасалған ота саны 2 есеге өсті. Сонымен қатар, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандары мен Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін жол қатынасының ұзақтығы ескеріле отырып, елді мекендердегі тұрғындарға мамандандырылған көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазалы темір жол ауруханасы базасында 3-ауданаралық нейроинсульттық орталық ашылды. Ал, №3 қалалық емхана базасында инсульт-пен ауырған науқастарға кеш оңалтуды жүргізу мақсатында нейрореабилитациялық орталық жұмыс жасауда. Байқоңыр қаласында облыстық медициналық орталықтың филиалы – қазақстандық медициналық ұйым ашылып, ел игілігіне қызмет етуде. Қалалық жедел жәрдем стансасына облыстық статус беріліп, аудандық жедел жәрдем бөлімдері біріктірілді.

Ағымдағы жылдың алғашқы жартысында да біршама ауқымды жұмыстар атқарылғаны белгілі. Мәселен, 2017 жылдың қаңтарынан бастап облыстық балалар ауруханасы бала үшін таптырмас емдеу орнына айналды. 305 төсек орынға арналған емдеу мекемесінде 12 клиникалық бөлімше, бір ауысымда 300 бала қабылдайтын кеңес беру- диагностикалық емханасы бар. Сонымен бірге ауруханадан онкогематология бөлімшесінің ашылуы да – саладағы жүйелі жұмыстардың нәтижесі. 12 төсектік гематология, 5 төсектік онкология ауруларына арналған бұл бөлімше республикада Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарынан кейін төртінші болып біздің өңірімізде ашылып отыр.

Жақында ғана облыстық медицина орталығынан «XXI ғасырдың індеті» атанған қант диабеті немесе сусамыр дертіне шалдыққандарға арналып «Диабет орталығының» ашылғаны белгілі. Аталған орталық диабетпен ауыратын аймақ тұрғындарының жағдайын бақылап, медициналық көмек көрсету, аталған аурудың алдын алу бағытында жұмыстар атқарады.

Емханаларда қатерлі ісік ауруларына көмек көрсетуді жетілдіру бойынша 1 деңгейдегі 32 мамандырылған кабинет ашылды. Осы орайда қатерлі ісік ауруларынан өлім-жітім көрсеткішінің 19,7 пайызға төмендегенін айта кеткен жөн.

Туберкулез бойынша аурушаңдық көрсеткіші 1,5 пайызға төмендеп, 100 мың тұрғынға шаққанда 18,7-ні құрап отырса, өлім деңгейі 78,9 пайызға төмендеген.

Ағымдағы жылдың бес айында ана өлімі тіркелмегені көңілге қуаныш ұялатады. Сол секілді сәби өлімі көрсеткіші 58,4 пайызға азайған.

Жалпы, облыс деңгейінде көрсетілетін жоғары мамандандырылған медициналық көмек көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Осыған орай республикалық бюджеттен өткен жылы қосымша қаржы бөлініп, нәтижесінде жүрекке ашық ота жасау 20 пайызға, нейрохирургиялық оталар саны 27 пайызға, эндопротездеу 2 есеге дейін өскен.

Денсаулық сақтау мекемелерін заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жабдықтау жұмыстары да жақсы жолға қойылғанын айта кеткен жөн. Яғни, емдеу ұйымдарын медициналық техникамен қамтамасыз ету көрсеткіші 45,2 пайыздан 73,4 пайызға өсті.

Саланы алға жетелейтін мықты мамандар екенін ескерсек, өңірдегі кадр тапшылығы мәселесін шешу мақсатында «Жоғары медициналық және фармацевтикалық мамандарды қайта даярлау, олардың біліктілігін арттырудың 2016-2018 жылдарға арналған 3 жылдық жоспары» бекітілгені белгілі. Осыған орай кадрларды оқыту, қайта даярлау және біліктілігін жетілдіруге біршама қаржы бөлінсе, өткен жылы облысқа қажетті мамандарды резидентураға дайындау мақсатында облыс әкімінің гранты бөлінді.

Жалпы, Сыр медицинасының сырбойылықтар саулығын сақтауда қол жеткізген жетістіктері мол-ақ.

Айнұр БАТТАЛОВА.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Әлемде мұнай бағасының күрт төмендеуі қара алтынмен қазынасын толтырып отырған елдер үшін қиындық тудырғаны жасырын емес. Мұнай өндіруші ел ретінде танылған мемлекетімізге бұл экономикалық өзгеріс өз салқынын тигізді. Елімізде қара алтын өндірісі қысқарып, экономиканы әртараптандыруға күш салынды. Соның ішінде республика бойынша қысқарған мұнайдың 70 пайызы тиесілі Сыр өңірінде өндірістің өзге түрлерін дамыту қажеттігі туындады. Әсіресе, ежелден ата кәсіп саналған ауыл шаруашылығын өрістету қарқын алды. Қазіргі таңда облыста аталған сала бойынша атқарылып жатқан айтарлықтай істерді соған дәлел ете аламыз.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биыл аймақ бойынша бекітілген сызбаға сәйкес 168,7 мың гектар алқапқа дақылдарды орналастырылу жоспарланған. Оның ішінде дәнді, майлы, малазықтық дақылдар, картоп, көкөніс, бақша өнімдері бар. Сондай-ақ, үстіміздегі жылы күріш көлемі былтырғыдан 2,1 мың гектар аумаққа артық егілді. Себілген Сыр маржанының көлемі – 78,4 мың гектар.

Облыста егін шаруашылығын жүргізуге қажетті суармалы жерлердің жалпы ауданы шамамен 240 мың гектарды құрайды. Оның ішінде ауыспалы егіске ағымдағы жылы 180 мың гектар тартылған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға артық. Осылайша Мемлекет басшысының тасқын суды жинау және суарылатын жерлердің көлемін арттыру тапсырмалары жүйелі жүзеге асуда.

Өңірде төрт түлікті түлетіп, ата кәсіпті өрістету жұмыстары да жүйелі жүргізіліп келеді. Бүгінде мал шаруашылығымен айналысушы ағайынның саны артуда. Оған, әрине, осы сала бойынша қабылданған бағдарламалар мен мемлекет көмегінің септігі мол. Түрт түліктің санын арттырып, өз ісімді дөңгелетемін деген кәсіпкерлерді кооперативтерге біріктіру жобасы жасалды. Мал тұқымын асылдандыруға да мүмкіндіктер қарастырылған. Сондай-ақ, ата кәсіппен айналысушы азаматтардың тәжірибе алмасуы үшін қарт Қаратаудың етегінде дәстүрлі түрде малшылар слеті өткізіліп келеді. Аталған шара биыл да мамырдың мамыражай күнінде қолға алынды.

Қазіргі таңда облыстың ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекелестіктегі артықшылықтарын бағалау мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізіліп келеді. Осы орайда өңір әлеуетін ескере отырып, облыстың 2020 жылға дейінгі агроөнеркәсіп кешенін дамытудың агрокартасы жасалды. Бүгінде Иран, Қытай, Еуропа, Ресей елдері Қазақстанда өндірілетін табиғи өнімдерге үлкен қызығушылық танытуда. Осыған сәйкес биылдың өзінде облыс аумағынан 100 тонна мүйізді ірі қара етін және 25 тонна қой етін экспорттау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, қойды тірідей экспорттауға қызығушылық білдірген бірнеше ирандық компания басшыларымен мал және ет сатып алу жөнінде келіссөздер жүргізілді. Осы бағытта «Сыр маржаны» және «Шаған жер» жауапкершіліктері шектеулі серіктестерінің 6000 басқа арналған мал бордақылау алаңдары экспортқа шығаратын ірі қара етін өндіретін болады. Одан бөлек «Абай-Дәулет» серіктестігі 10 мың бас қой бордақылау алаңы мен жылына 250 тонна қозы етін өндіретін кешеннің құрылысын аяқтап, өз жұмысын бастап отыр.

Сонымен бірге, ағымдағы жылы ет экспортын қамтамасыз ету үшін халықаралық ветеринарлық талаптарға сай келетін ет комбинатын салу жоспарлануда. Бүгінде өнім өндіру үлесі әлі де болса ұсақ шаруашылықтарға тиесілі. Сондықтан өңірде сервистікдайындау орталықтарын орналастыру схемасы жасалды. Одан бөлек өңірде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Бүгінде бұл кооперативтер саны 60-қа жетті. Онда 1232 жеке және қосалқы шаруашылықтар біріктірілген. Ауыл шаруашылығы саласында атқарылған бұл ауқымды шаралар мал өнімдерін тек өндіріп қана қоймай, экспорттауға да мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы саласына дем беріп, шаруа адамының басын қосатын слет тек Қаратау етегінде ғана емес, теңіз төскейінде де аталып өтті. Алайда Арал өңіріндегі шара су маржанын сүзген балықшыларға арналды. Теңіздің тартылуымен тынысы тарылған балық шаруашылығы бүгінде қайта жанданып келеді.

Айдында Аралдың бүгінгі думаны САРАТС жобасының жүзеге асуымен байланысты. Теңіздің бір бөлігін сақтауға бағытталған жұмыс өз нәтижесін беріп, енді келесі кезеңін іске асыру көзделуде. Ол күн де алыс емес. Тіпті, жыл соңына дейін қолға алу жоспарлануда. Бір кездері алыстап кеткен теңіз жағасы қайта жақындар болса, аудандағы басты шаруашылықтың берекесі арта түсері анық.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ.

ТЕҢІЗ ТӨСКЕЙІНДЕГІ ТҮЛЕГЕН ТІРЛІК

Жуырда облыс орталығында Арал маңының экологиялық және әлеуметтік-экономикалық түйткіліне әлем назарын аударуды көздеген халықаралық форум өткені баршаға аян. Онда жоғарыдағы тақырыпқа қоса кешенді су төңірегіндегі мәселелерді шешу тәжірибесі, жаһандық климаттық өзгерістер, индустриялық экологияның өзектілігі әңгіме арқауына айналды. Форум барысында деректі, ғылыми-танымал деректі фильмдер көрсетіліп «Арал теңізінің шығыс жағалауын бойлай «жасыл белдеу» құру», «Климаттың өзгеруіне жабайы жануарлардың Арал маңы бейімдеу орталығын құру», «Қамыстыбас» көлінің жағасында «Арал» ғылыми-туристік орталығын құру», «ГАЖ-технологиялар» және басқалары негізінде қазақстандық Арал маңының интерактивтік электрондық карталарын және Қызылорда облысының атласын» құру бойынша ынтымақтастық туралы бірқатар хаттамаларға қол қойылғаны белгілі.

Форумға мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалықова мен еліміздің Ауыл шаруашылығы, Сыртқы істер, Энергетика, Білім және ғылым министрлігі, Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҒЗТУ «География институты» өкілдері, халықаралық ұйым өкілдіктерінің басшылары, ғалымдар мен сарапшылар өзге де меймандар қатысып, ұсыныс пікірлерін білдіргенінен оқырмандар хабардар. Осынау игі шара «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» ұстанымын тұтынған аудан жұртшылығын бір серпілтіп тастады десек артық емес. Жалпы, Арал өңірінде ата-бабасының ежелгі кәсібі балық аулауды жанына серік қылған тұтас ұрпақ өсіп-өнуде. Өткен тарихын көзінің қарашығындай қастерлеп, ертеңгі күнге сеніммен көз тастайтын теңіз жағалаған қауымның нақты кезеңдегі тұрмыс-ахуалы бөтен емес. Арал аймағындағы қабырғалы қауымның басты тіршілік көзі – балық кәсіпшілігі болып саналатыны баршаға аян. Сондықтан соңғы жылдар бедерінде аудан көлемінде балықты аулап, өнімдерін өңдеумен қатар экспортқа шығару жайы да қарқын алып жатқаны, әрине, қуанышты жайт.

«Елбасының тапсырмасына сәйкес «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасының бірінші кезеңінің жүзеге асырылуы нәтижесінде кейінгі кезеңде аудандағы балық шаруашылығының даму қарқыны өсіп келеді. Тек өткен жылдың өзінде ауданда 7100 тонна балық ауланып, 4057 тонна балық өңделді. Ал ағымдағы жылға Кіші Арал теңізінен, Қамыстыбас, Ақшатау көлдер жүйесінен жалпы аудан бойынша 7332 тонна балық аулау лимиті бекітілген» дейді сала мамандары.

Сондай-ақ ауданда өткен жылы 2653 тонна балық өнімдері экспортқа шығарылыпты. Оның 967 тоннасы Польша, Грузия, Әзербайжанға, ал қалған бөлігі Ресейге жіберілген екен. Негізгі экспорттаушы кәсіпорындар «Арал СДО», «Камбала балық», «Қарашалаң СДО», «Бөген СДО», «Қуаныш» ЖШС, «Ақбасты», «Жамбыл» өндірістік кооперативтері. Осынау жағымды үрдіс биыл да жалғасын табуда. Жыл басынан бері 943 тонна балық өнімдері экспортқа шығарылған. Бұл қадамның айбынды Аралдың айбынын асқақтата түсіп, атағын шартарапқа танытары сөзсіз. Ел ішіндегі берекелі тірлікті іргелі ұжымдардағы тұрақты еңбек ырғағы паш еткендей.

Өңірдегі балық шаруашылығының жай-күйі сөз болса, облыстық мәслихат депутаты Амандай Ерхатовтың есімі қоса аталатындығына құлақ үйренді. Осынау іскер азамат қазіргі таңда Арал мен Қазалы ауданының бірқатар тұрғының тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ерхатов басқаратын «СПК Қызылорда Балық» серіктестігінің құрамына «Бақыт» шаруа қожалығы, «Бөген сервистік дайындау орталығы» қарайды. «СПК Қызылорда Балық» ЖШС-нің индустриалды-инновациялық жобаларды дамыту бойынша «Қызылорда» ӘКК» АҚ-мен бірлескен жобасы іске асырылды. Жоба аясында балық өнімдерінен сүбе (филе) дайындайтын цехы пайдалануға берілді. Серіктестік «Бақыт» шаруа қожалығымен бірлесіп кіші Арал теңізінің №8 учаскесінен және Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданына қарасты Байтақ көлінен, Қазалыдағы «Қашқан су» көлінен балық аулап келеді. Экспортқа шығу үшін сапа сертификаты бар. Балық өңдеу цехы балық өнімдерін тазалайтын, тоңазытып сақтайтын бөлмелер, сыйымдылығы 750 тонналық балық сақтау қоймасымен жабдықталған. Балық аулау, тасымалдау үшін арнайы көліктер мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Сапасы жоғары балық сүбесіне сұраныс мол. Балық өнімдері Германия, Дания, Голландия, Бельгия, Австрия, Польшаға экспортқа шығарылады. Өнімді экспорттауға «еврокод» алынған.

Аманбай Ресейдің Ульяновск облысы, Димитровград маңынан балық өңдеу зауытын салып іске қосқан еді. Зауыт жылына 1500 тонна балық өнімін шығаруға есептелген. Аталмыш зауытта 100-ге тарта адам еңбек етеді. Білетіндер болса Димитровградтан зауыт салудың пайдасы ең алдымен уақыт үнемделеді. Өнімнің сапасы сол қалпында сақталады. Әрі жыл бойы тоқтаусыз жұмыс жасалады деген пікірді алға тартты.

Жеке кәсіпкер Нұрбек Әйімбетов басқаратын «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС-нің атағы да көпшілікке жақсы танымал. Мұнда өңделетін балық көлемін арттыру үшін қосымша цехтардың құрылысы жүргізілуде. Кіші Аралдан бес учаске ұжымға бекітіліп берілген. Еврокод белгісін иеленген «Арал» СДО-ның өнімдері тұтынушы талғамынан табылуда.

Иә, теңіз төскейі танымастай түлеуде.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал, Қазалы ауданы.

СЫР ЕЛІНДЕГІ СЕРПІНДІ ІСТЕР

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіхалықова Халықаралық форум жұмысына қатысып, өңірдің өзекті мәселелерін шешуге қолдау көрсетті.

Үкімет басшысы Б.Сағынтаев «Шалқия» кенішін дамытуға ден қойды.

САРАТС жобасының жемісі теңіз тіршілігін түлетті.

Қайта жаңғыртылған ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешен



Үкіметаралық комиссия отырысында ғарыш айлағының келешегі мен ел игілігіне қызмет ету жайы қозғалды.

Аймақта 5 айда 6 мектеп, 2 балабақша жаңадан ашылды.

Халық денсаулығын жақсарту бағытында «Диабет орталығы» және «Офтальмохирургиялық орталық» ашылды.

EXPO 2017 ASTANA
FUTURE ENERGY

СЫР ЕЛІНДЕГІ



Этноауылды бүгінгі таңда Франция, Румыния, Германия, Голландия, Жапония, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан азаматтары тамашалады. Ұлттық дәстүрге тәнті болды.

Алаш ардақтыларына құрмет

«Алаш» қозғалысының 100 жылдығына арналған шара Сыр елінен бастау алды.

Этноауыл – «ЭКСПО-2017» көрмесінің ұлттық кәдесі

СЕРПІНДІ ІСТЕР

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Білімді ұрпақ – болашақтың баянды белесі

Кәсіпкерлік – іскерлік көкжиегі

Түгіскен ауылының тұрғындары емхана қызметіне дән риза.

ҰБТ қорытындысымен облыстағы орташа балл 82,35-ті құрап, республикада алғашқы бестіктің қатарынан көрінді.

Отбасының бірлігі – мемлекеттің берекесі

Сол жағалау қарқынды құрылыс құшағында

Облыста жарты жылдың қорытындысымен 19 көппәтерлі үй, 980 пәтер тұрғындар игілігіне берілді.

Кеңейтілген Қорқыт ата көшесі, жаңартылған инфрақұрылым.

Ел бірлігі тасқынға тегеурінді тосқауыл болды.

СЫР ЕЛІНДЕГІ СЕРПІНДІ ІСТЕР

Элизабет Тұрсынбаева
Универсиада алауын көтеріп шықты.

Шиеліде күніне 10 мың дана жұмыртқа және шұбат өндірілуде.

«Аралтұз» АҚ экспорттық өнімділігін
50 пайызға арттырды.

«Қараөзек» компрессорлық стансасы іске қосылды.
Енді Сыр газы Сарыарқаны қамтамасыз етеді.

Еламан Ерғалиев –
«Қазақстан барысы»

Дәстүрлі балықшылар және малшылар слеті

ҚЫЗЫЛОРДА ЦИФРЛАРДА

ОБЛЫС ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР КӨРСЕТКІШТЕРІ

Негізгі капиталға салынған инвестиция
2016 жылдың тиісті кезеңінен
121 %

Қайта өңдеу секторы
Өнім өндіру
2016 жылдың тиісті кезеңінен
109,4 %

Қайта өңдеу секторы
Өнім өндіру
4 жылда
1,5 есе есті

Қайта өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі
2 жыл ішінде
34 % есті

Аймақтық жалпы өнімдегі өңдеу секторының үлесі
4 жыл ішінде
3 есе есті

Индустрияландыру картасы
14 жоба бойынша
өнім шығару қамтамасыз етілді

Жұмыс орындары
жыл басынан бері
7 мыңнан астам
жаңа жұмыс орындары құрылды
оның ішінде 6169 - тұрақты

Жұмыссыздық деңгейі
4,8 %
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда
0,2% төмендеген

Жұмыссыздық деңгейі
4 жыл ішінде
0,4 %
төмендеді

Жастар жұмыссыздығының деңгейі
3,2 %
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда
1,9% төмендеген

Жастар жұмыссыздығының деңгейі
4 жыл ішінде
3,8 %
төмендеді

Ауыл шаруашылығы
Инвестиция көлемі
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда
16,4 есе есті

Ауыл шаруашылығы
Өнім өндіру
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда
102,2 %

Ауыл шаруашылығы кооперациясы
1325 жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктірген
64 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды

Мал шаруашылығы
Барлық түлік түрі бойынша мал басы ең табысты деген 1993 жыл деңгейінен асып түсті

Күріш экспорты
4 жыл ішінде
28 % есті

Балық экспорты
4 жыл ішінде
8 есе есті

Денсаулық сақтау
Жалпы өлім көрсеткіші
4,5 % азайды

Денсаулық сақтау
Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім
21 % қысқарды

Денсаулық сақтау
Қатерлі ісіктерден өлім
6,3 % азайды

Денсаулық сақтау
Туберкулез дертінен өлім
58,6 % азайды

Денсаулық сақтау
Сәби өлімі
47 % азайды

Тұтыну бағаларының индексі
102,9 %
Республиканың орташа көрсеткішінен төмен. ҚР - 103,7

Тамақ өнімдерінің тұтыну бағаларының индексі
104,3 %
Республиканың орташа көрсеткішінен төмен. ҚР - 105,1

Бөлшек тауар айналымы
106 %
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда

Аз қамтамасыз етілгендер саны
4,5 жылда
2 есе төмендеді

Ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен табысы бар халық үлесі
4,5 жылда
0,5 % кеміді

Орта білім
2017 жыл басына
апатты 12 мектеп орнына
9 мектеп салынды

Орта білім
2013 жыл басындағы
апаттық жағдайдағы 37 мектептің орнына
соңғы 3 мектеп салынуда

Бірыңғай Ұлттық тестілеу
82,4
орташа балл
еліміз бойынша орташа - 80,5

Мектепке дейінгі тәрбие
100 %
3-6 жастағы балалармен қамтылған

Мектепке дейінгі тәрбие
4,5 жылда
мемлекеттік-жеке әріптестік шеңберінде жұмыс істейтін балабақшалар саны
4,7 есе есті

Салықтар түсімі
100 % жергілікті бюджетке
126 % республикалық бюджетке
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда

Облыс бюджеті
144,6 млрд.теңге (2012 ж)
220 млрд.теңге (2017 ж)

Бюджет
әлеуметтік сала шығындары бойынша
1 орын

Аймақты дамыту үшін
2017 жылы
51 млрд. теңге көзделген

54 әлеуметтік сала нысаны салынып жатыр

12 әлеуметтік сала нысаны іске қосылды

144 әлеуметтік сала нысаны
4,5 жыл ішінде
іске қосылды

Мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту
20 млрд.теңгеден астам
21 жоба іске асырылуда

Халықаралық қаржы ұйымдарымен жұмыс
231 млрд.теңгенің
15 жобасы

Тұрғын үй құрылысы
Инвестиция көлемі
106,3 %
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда

Тұрғын үйді іске қосу
268 мың шаршы метр
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 64% арты

Тұрғын үйді іске қосу көлемі
270 мың шаршы метр (2013 ж.)
268 мың шаршы метр (2017 ж. 5 айы)

Тұрғын үй іске қосылды
4,5 жылда
1,8 млн шаршы метр

Тұрғын үй құрылысы
2017 жыл жоспары
1809 пәтер
мемлекет қаржысы есебінен
41 көппәтерлі үй

Іске қосылды
2017 жыл басынан
19 көппәтерлі үй мен 980 пәтер

Құрылыс жұмыстарының көлемі
110,4 %
2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

(Мемлекеттік ЖОО, коды 501).

ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен 2012 жылдың 14 желтоқсанында №0137439 лицензиясы берілген

ЖӘҢГІР ХАН атындағы БҚАТУ

ДӘСТҮР, САПА, ТАБЫС

- Университетте қос дипломды білім беру бағдарламасы енгізілген
- Үздік білім алушыларға оқу ақысын төлеуде жеңілдіктер қарастырылған
- Студенттер жайлы жатақханамен қамтылады және оқу ғимараттарында қоғамдық тамақтану орындары ұйымдастырылған
- Әскери кафедрасы бар
- Түлектерге жұмысқа орналасуға қолдау көрсетіледі

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да білім алу қажеттілігінің 5 себебі

I. Сапалы:
- жоғары білікті ғылыми-педагогикалық құрам;
- Ұлттық рейтингтегі жетекші ұстаным;
- өрменді заманауи оқу-материалдық және ғылыми-зерттеу базасы;
- өңірдегі жалғыз заманауи студенттік кампустың инфрақұрылымы жайлы орналасуға, сапалы білім алуға және салауатты өмір салтын ұстануға толық мүмкіндік береді. Жатақханалар мен оқу ғимараттарында білім алушылардың қауіпсіздігін күзет қызметкерлері қамтамасыз етеді.

II. Беделді:
- тек Қазақстанға ғана емес, шет елдерге де танымал көп бейінді мемлекеттік университет;
- аграрлық-техникалық кадрлар даярлау бойынша Батыс Қазақстандағы үздік ЖОО;
- дипломға еуропалық қосымшамен берілетін білім алудың үш сатылы жүйесі (бакалавриат, магистратура, докторантура);
- білім алу кезеңінің өзінде озат студенттер үлкен сұранысқа ие, жұмысқа орналасудың жоғары деңгейі;
- университеттің көптеген түлектері экономиканың әртүрлі салаларында басшылық қызмет атқарады.

III. Табысты:
- 54 жыл ішінде университет 40 мыңнан астам маман даярлады;
- әртүрлі халықаралық наградалардың иегері, соның ішінде сапа Алтын медалы (Оксфорд, Женева);
- оқу орнының оқытушылары «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлері, «XXI ғасыр педагогы», «Жыл әдіскері», «Үздік инновациялық сабақ» және т.б. байқаулардың жеңімпаздары;
- университеттің көптеген білім алушылары халықаралық, республикалық олимпиадалардың, байқаулар мен жарыстардың жүлдегерлері.

IV. Жаңашыл:
- жыл сайын 50-ден астам ғылыми және инновациялық білім беру жобалары орындалады;
- белгілі ғалымдар Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары;
- отандық және шет елдік ғалымдарды оқу үдерісіне белсенді тарту арқылы үш тілде білім беру;
- білім берудің үздік тәжірибесі мен практикасын, соның ішінде қашықтан оқыту технологиясын пайдалану.

V. Интеграцияланған:
- жоғары оқу орындарының Ұлы Хартиясының толық құқықты мүшесі (Болонья қаласы);
- Ресей, Еуропа және Азияның 100-ден астам университеттері және ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық;
- 270-тен астам отандық кәсіпорындар мен шет елдік компаниялармен өзара байланыс;
- студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы;
- жоғарғы оқу орны ішіндегі және шет елдік әріптестермен бірге қос дипломды және қосымша кәсіптік білім беру.

Шифр - Мамандық	Бейіндік пәндері
Агрономия факультеті	
5В060600 - Экология	Биология, География
5В072700 - Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	Биология, Химия
5В072800 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)	Биология, Химия
5В080100 - Агрономия	Биология, Химия
5В080700 - Орман ресурстары және орман шаруашылығы	Биология, География
5В080800 - Топырақтану және агрохимия	Биология, Химия
5В081100 - Өсімдік қорғау және карантин	Биология, Химия
5В090300 - Жерге орналастыру	Биология, География
5В090700 - Кадастр	Биология, География
Ветеринарлық медицина және биотехнология факультеті	
5В120100 - Ветеринарлық медицина	Биология, Химия
5В120200 - Ветеринарлық санитария	Биология, Химия
5В080200 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	Биология, Химия
5В080400 - Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау	Биология, Химия
Машина жасау факультеті	
5В070800 - Мұнай-газ ісі	Математика, Физика
5В071200 - Машина жасау	Математика, Физика
5В072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия, Физика
5В072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия, Физика
5В072400 - Технологиялық машиналар мен жабдықтар (сала бойынша)	Математика, Физика
5В072900 - Құрылыс	Математика, Физика
5В073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Математика, Физика
5В073200 - Стандарттау және сертификаттау	Математика, Физика
Политехникалық факультеті	
5В090100 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Математика, География
5В080600 - Аграрлық техника және технология	Математика, Физика
5В073100 - Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	Математика, Физика
5В071300 - Көлік, көліктік техника және технологиялар	Математика, Физика
5В071600 - Аспап жасау	Математика, Физика
5В071800 - Электр энергетикасы	Математика, Физика
5В070300 - Ақпараттық жүйелер	Математика, Физика
5В010400 - Бастапқы әскери дайындық	2 шығармашылық емтихан
5В012000 - Кәсіптік оқыту	Математика, Физика
Экономика және бизнес факультеті	
5В050600 - Экономика	Математика, География
5В050700 - Менеджмент	Математика, География
5В050800 - Есеп және аудит	Математика, География
5В050900 - Қаржы	Математика, География
5В051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару	Математика, География
5В051100 - Маркетинг	Математика, География

ОҚУ МЕРЗІМІ

Бакалавриат (күндізгі бөлім) - 4 жыл;
Ветеринария мамандықтары (күндізгі бөлім) - 5 жыл;
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім (колледж) базасында күндізгі және сырттай – 3 жыл;
Жоғары білім базасында (сырттай) – 2 жыл;
Жоғары білім базасында (кешкі) – 2 жыл;

МАГИСТРАТУРА және ДОКТОРАНТУРА

Университеттің магистратурасында оқу екі бағытта жүзеге асады: ғылыми-педагогикалық және бейіндік.

Ғылыми- педагогикалық магистратура (оқу мерзімі 2 жыл) жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және пәнілік саласы үшін мамандарды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырады.

Бейіндік магистратура (оқу мерзімі 1-1,5жыл) экономика, білім, қызмет көрсету және бизнес салалары үшін кәсіптік даярлығы терең басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырады.

ТАЛАПКЕРДІҢ КҮНТІЗБЕСІ

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдау:	10 наурыз – 10 мамыр (ҰБТ) 1 маусым – 20 маусым (ТКТ)
Шығармашылық емтихандарға өтініштер қабылдау	20 маусым – 7 шілде
Шығармашылық емтихан өткізу	8 шілде – 13 шілде
Педагогикалық мамандықтарға қатысуға өтініштерді қабылдау және арнайы емтихан өткізу	20 маусым – 18 тамыз
Тестілеуді өткізу:	20 маусым – 1 шілде (ҰБТ) 17 шілде – 23 шілде (ТКТ)
Мемлекеттік оқу гранты конкурсына қатысу үшін өтініш тапсыру:	23 шілде – 31 шілде
Кешенді тестілеуді қайта тапсыруға өтініш қабылдау:	1 тамыз – 8 тамыз
Кешенді тестілеуді қайта тапсыру:	19 тамыз – 24 тамыз
Студенттер қатарына қабылдау, соның ішінде шартты түрде:	10 тамыз – 28 тамыз

Қашықтықтан білім беру және сырттай оқыту орталығы жоғарыда аталған мамандықтар бойынша дайындайды.

ҚОСЫМША БІЛІКТІЛІК

Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетінің:
«Мұнай-газ кәсіпорнының менеджері»;

«Жанармай-энергетикалық кешенінің экологі»;
«Табиғатты қорғау қызметінің менеджері»;
«Еңбекті қорғау менеджері»
«Құрылыс менеджері» және т.б.

ЕСКЕРТУ:

- тек қана 2017 ж. магистратура мен докторантураға ағылшын тілінен IELTS, TOEFL сертификатынсыз (2017 ж. түсу емтихандары тест түрінде өтеді) түсу мүмкіндігі сақталған;
- 2018 ж. бастап магистратура және докторантура түсу үшін шет тілінен сертификат болуы талап етіледі (шет тілі емтиханының орнына);
- 2018 ж. бастап магистратураға түсу үшін жұмыс өтілімі кемінде 1 жыл болуы қажет.

Өтініштер қабылдау мерзімі: **10-30 шілде**
Қабылдау емтихандары: **10-20 тамыз аралығы**
- шет тілі (тестілеу);
- арнайы пән (ауызша).
Магистранттар қатарына қабылдау:
25 тамызға дейін

Магистратура және докторантура мамандықтары

6М120100, 6D120100 - Ветеринарлық медицина
6М120200, 6D120200 - Ветеринарлық санитария
6М080200, 6D080200 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру
6М080400 - Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау
6М060600 - Экология
6М080100, 6D080100 - Агрономия
6М080800, 6D080800 - Топырақтану және агрохимия
6М072800 - Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
6М073500 - Тағам қауіпсіздігі
6М071800 - Электр энергетикасы
6М071300 - Көлік, көлік техника және технологиялары
6М080600, 6D080600 - Аграрлық техника және технология
6М090300 - Жерге орналастыру
6М070300 - Ақпараттық жүйелер
6М073100 - Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
6М090100 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
6М072900 - Құрылыс
6М073000, 6D073000 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру
6М072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы
6М072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
6М070800 - Мұнай-газ ісі
6М050600 - Экономика
6М051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару

ЖОО кейінгі білім алу – сіздің сенімді болашағыңыздың кепілі!

Сіздер үшін:

Жастар ісі жөніндегі бөлім;
«Заман» жастар қоғамдық бірлестігі;
«Жасыл Ел» студенттік еңбек жасақтары;
Студенттік құрылыс жасақтары;
Студенттік деканаттар;
«Заңгар» газеті;
«Рух» пікірсайыс орталығы;
«Фатима» қыздар клубы;
«Ерке Нұр» би ансамблі;
«Нарын сазы» халық аспаптары ансамблі;
Республикалық лиганың дипломанты - «Грант» КТК командасы;
Республикалық жазғы студенттік универсиаданың күміс жүлдегерлері - гандбол және үстел теннисі командалары;
Республикалық студенттік қысқы универсиаданың қола жүлдегерлері - гір тасы спорты және армрестлинг командалары;
Бокс, дзю-до, стол теннисі, грек-рим күресі, мини-футбол, волейбол, баскетбол, гандбол секциялары жұмыс жасайды.

Арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқытатын оқу бағдарламасы енгізілді;
100-ден астам студент кәсіпорындар бөлген гранттар есебінен оқыса, оқу озаттары мен белсенді студенттер - Президенттік шәкіртақы иегері атануға сайысқа қатыса алады;
Көптеген университет студенттері - шетел компанияларының оқу гранттарының және облыс өкімдіктері шәкіртақыларының иегері болып табылады;
Университет магистранттары мен студенттері Еуропа елдерінің үздік оқу орындарында академиялық ұтқырлық бойынша білім алады;
Дәрістер оқуға және ғылыми жұмыстар жүргізуге шет елдердің үздік ғалымдары шақыртылады. Магистранттар мен студенттер отандық және шетелдік компаниялар мен кәсіпорындарда және шет елдерде практикадан тағылымдамадан өтеді;
Магистратураның агрономия, аграрлық техника және технология, мал шаруашылығы өнімдерін өңдіру бағдарламалары бойынша П. Столыпин атындағы Ульяновск ауыл шаруашылығы академиясымен қос дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

Агрономия факультеті	8 (7112) 50-18-50
Ветеринарлық медицина және биотехнология	8 (7112) 50-10-78
Машина жасау факультеті	8 (7112) 51-61-33
Политехникалық факультет	8 (7112) 50-10-85
Экономика және бизнес факультеті	8 (7112) 50-21-18
Қашықтықтан білім беру технологиясын қолдану арқылы сырттай оқыту орталығы	8 (7112) 50-24-72
Магистратура, докторантура	8 (7112) 50-19-34
Қабылдау комиссиясы тел/факс:	8 (7112) 50-21-42, 50-24-01, 8-777-569-89-14

Мекенжайымыз: 090009, Орал қ., Жәңгір хан к., 51.
www.wkau.kz priemwkau@mail.ru
zkatu.magistratura@mail.ru

Асыл, әзиз, аяулы ана

Әулетіміздің Бибі Патымасы болған асыл ана, әзиз әже, Тұрсынкүл Бедебекқызы Бәкірова 90 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Тұрсынкүл Бедебекқызы 1928 жылы қазан айында Қызылорда қаласында өмірге келген. Соғыс басталған жылы ерлердің бәрі майданға алынып, шаруашылықтың ауыр еңбегін он үш жастағы осы кісілер атқарған. Қиындық пен жоқшылықты көріп бойжеткен Тұрсынкүл Бедебекқызы өзінің күллі өмірін туған жердің тағдырына арнаған. Бір иығымен қоғамның міндетін, бір иығымен отбасы салмағын көтеріп, балаларын ер жеткізіп, бәйтеректің жапырағындай көктеген ұрпағының қызығын көрді.

Ұзақ жыл халыққа тұрмыстық қызмет көрсету саласында үлгілі еңбек етіп, жергілікті үкімет тарапынан лайықталған көптеген құрмет-марапаттарға қол жеткізді.

Айналасына қадірлі, ағайынға сыйлы, әулетке ақылшы болды. Ол кісінің өмірі баршамызға өнеге еді. Ән бойынан шуақ тараткан шаңырағымыздың алтын діңгегі, асыл жанның бейнесі мен есімі ұрпағымен мың жасайды.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, аяулы ана. Алла шапағатшы болып, орныңыз жұмақ төрінен бұйырсын. Шүкір дейміз, сіздің жасыңыз бен бағыңыз зәузатыңызға жұғысты болсын.

Сабыр мен шыдамға,
Сый бар дейді құранда.
Ақыреттің сынында,
Пана болсын бір Алла.

Баласы Мұхамедғали,
Бәкіровтер мен Әлиевтер әулеті.

Пейіштен болсын орныңыз

Асыл ана, адал жар, ибалы келін, ұлағатты ұстаз, әулеттің ақылшысы, немерелерінің сүйікті әжесі Махамбетова Қанымжан Байзаққызы 78 жасқа қараған шағында фәни дүниемен қоштасты.

Анамыз 1939 жылдың 25 желтоқсанында Жаңақорған ауданы, Талап ауылында өмірге келіп, сол жердегі мектепті тәмамдап, 1962 жылы Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. Ұстаздық жолын Жаңақорған ауданының Талап сегізжылдық мектебінен бастап, кейін Қызылорда қаласындағы 1 Май (қазіргі Қ.Мұхамеджанов атындағы), №171 Ғ.Мұратбаев атындағы мектептерде жалғастырады.

Сәбилерге деген аналық құштарлығы болса керек, Қанымжан Байзаққызы 20 жылдай қаладағы №17 балабақшаның меңгерушісі болды. Аталған мекеме сан-салалы тәрбие көрсеткіштері бойынша қала мен облыс деңгейінде ең алдыңғы қатарда тұрды.

Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз, республикалық дәрежедегі зейнеткер, бірнеше медальдың иегері, анамыз Қанымжан Байзаққызы өмірден ерте озған жары Аралбай әкеміздің аманатын адал орындады. Әкесіз қалған төрт ұлды тәрбиелеп өсіріп, бәрінің де жоғары білімді, білікті маман болуларына аналық қамқорлығын жасады. Олар қазір халық құрметіне бөленген елдің құрметті азаматтары. Ұлдарынан өрбіген немерелерінің қызығын көріп, «Үлкен мама» атанып кетті.

Әулеттің ақылшысы данагөй анамызбен:
Жігерімен жастығын жанған Ана,
Қиындыққа тайсалмай барған дара.
Алар орының пейіштің төрі болғай,
Бәрімізге сүйікті Үлкен мама, – деп қоштасамыз.

Намазы 13 шілде күні сағат 11.00-де Арай м/а., Тойбазар Елемесов көшесі, №1 үйде («Номад Палас» ресторанымен қатар орналасқан), асы сағат 12.00-де «Номад Палас» ресторанында өтетінін хабарлаймыз.

Махамбетовтер әулеті.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

2017 жылдың 10 шілдесі мен 30 қыркүйек аралығында «Аралтұз» АҚ кассасынан 2015-2016 және оған дейінгі өткен жылдар бойынша алынбаған артықшылықты акцияларға дивидендтер босатылады. Осы уақытқа дейін алмағандар өздеріңізге тиісті дивидендеріңізді алуларыңызды сұраймыз. Дивиденд алушы жеке куәлігін көрсетуі қажет. Мына телефон бойынша анықтама алуға болады: 8(72433) 2 89 57.

«Аралтұз» АҚ әкімшілігі.

(БСН 940140000147 Қызылорда облыстық әділет департаментінде 1994 жылдың 7 қаңтарында тіркелген)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 5 шілдедегі №80-НҚ бұйрығымен «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тариф 1 текше метрге ҚҚС-сыз 0,297 теңге мөлшерінде бекітілгенін хабарлайды.

Уақытша өтемдік тарифінің енгізілуі және қолданылу мерзімі 2017 жылғы 1 тамыздан 2022 жылғы 2 тамыз аралығы.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК Қызылорда филиалы.

(БСН 110841002280 Қызылорда облыстық әділет департаментінде 2011 жылдың 03 тамызында тіркелген)

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 04.07.2017 жылғы №05-21/1497 санды дәлелді қорытындысы негізінде **2017 жылдың 1 тамызынан бастап** «Энергосервис» ЕЖШС-нің электр энергияға тарифтерінің төмендегендігі туралы хабарлайды.

1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 16,2512 теңге ҚҚС-мен.

2. Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрплиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:
- 1 – деңгей 70 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,1312 теңге ҚҚС-мен;
- 2 – деңгей 70-тен 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,4992 теңге ҚҚС-мен;
- 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,3824 теңге ҚҚС-мен.

3. Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрплиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:
- 1 – деңгей 90 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,1312 теңге ҚҚС-мен;
- 2 – деңгей 90-нан 170 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,4992 теңге ҚҚС-мен;
- 3 – деңгей 170 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,3824 теңге ҚҚС-мен.

4. Тұтыну көлемі негізінде жеке тұратын ҰОС ардагерлері және осыларға теңестірілетін мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер үшін сараланған тариф:
- 1 – деңгей 100 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,1312 теңге ҚҚС-мен;
- 2 – деңгей 100-ден 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,4992 теңге ҚҚС-мен;
- 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,3824 теңге ҚҚС-мен.

5. Тәулік мерзімі бойынша жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:
- Күндізгі мерзім (7.00-ден 23.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 22,7696 теңге ҚҚС-мен;
- Түнгі мерзім (23.00-ден 7.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 6,5184 теңге ҚҚС-мен.

6. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 19,096 теңге ҚҚС-мен.

7. Бюджеттік ұйымдар үшін тариф – 25,3344 теңге ҚҚС-мен.

8. Тәулік мерзімі бойынша бюджеттік ұйымдар үшін сараланған тариф:
- Күндізгі мерзім (7.00-ден 19.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 25,3344 теңге ҚҚС-мен;
- Кешкі мерзім (19.00-ден 23.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 57,8704 теңге ҚҚС-мен;
- Кешкі мерзім (23.00-ден 7.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 10,1584 теңге ҚҚС-мен.

9. Өзге тұтынушылар үшін тариф – 17,92 теңге ҚҚС-мен.

10. Тәулік мерзімі бойынша өзге тұтынушылар үшін сараланған тариф:
- Күндізгі мерзім (7.00-ден 19.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 17,92 теңге ҚҚС-мен;
- Кешкі мерзім (19.00-ден 23.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 40,9248 теңге ҚҚС-мен;
- Кешкі мерзім (23.00-ден 7.00-ге дейін) – 1 кВт*с үшін 7,1904 теңге ҚҚС-мен.

«Энергосервис» ЕЖШС-нің әкімшілігі.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУШЫ ТҰЛҒАЛАРҒА!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін хабарлайды.

2016 жылғы 30 қарашадағы №26-VI Қазақстан Республикасының Заңымен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне енгізілген түзетулер негізінде, 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап салықтық/кедендік тексерулердің нәтижелері туралы хабарламаға шағымдарды қарастыру уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы апелляциялық комиссиясымен жүзеге асырылатын болады.

Бұған дейін, тексеру нәтижесімен келіспеген жағдайда, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы тұлға бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға шағымды – ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне түсіретін еді.

Аталған тәртіп салық төлеушімен (салық агентімен), сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушымен 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап берілетін шағымдарға қатысты қолданылатын болады.

Хабарламаға сот арқылы шағым жасау тәртібі бұрынғы күйінде өзгеріссіз қалды. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіпте әрекет етесіз.

Тексеру нәтижесіне шағым беру жөнінде толық ақпаратты және үлгілерді ҚР ҚМ МКК-нің **www.kgd.gov.kz.** ресми сайтынан көре аласыздар.

Байланыс тел.: 216009, 237389.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті.

Тұтынушылар назарына

Қызылорда облысы бойынша тұтынушылардың пайдаланған тауарлық газдың ақшасын уақытылы төлемеуіне байланысты дебиторлық қарыздар ай санап өсуде. Сол себепті, «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығының 60, 62-тармақтарын басшылыққа ала отырып, уақытылы төлем жүргізбеген тұтынушыларды газ жүйесінен газ таратушы мекемесі ажырата алады. Осындай келеңсіздіктің орын алуына байланысты күн сайын 6-8 тұтынушы газ жүйесінен ажыратылып, қарыз соммалары сот арқылы өндірілуге жіберілуде.

Осы Қағидалардың 63-тармағында «Газ беруді қайта бастау осы 60 және 62-тармақтарында аталған газ жеткізуді тоқтатуды тудырған себептерді тұтынушы жойғаннан кейін, сондай-ақ газды бөлшек саудада өткізу шартына сәйкес тұрақсыздық төлемінің берешегі өтелген соң жүргізіледі» делінген.

Газ жүйесінен ажыратылған тұтынушылар «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ КӨФ келісімінсіз қарыздарын төлемей газ жүйесіне қайта қосып алған жағдайда, ондай тұтынушыларға келісімшарт негізінде қосымша есептеулер жүргізіледі.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ КӨФ әкімшілігі.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Облыстық ішкі саясат басқармасы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы облыстық «Кызылординские вести» газеті бас редакторының орынбасары Игорь Корниловқа анасы

Нина Васильевна Корниловаңың

қайтыс боулына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

* * *

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі Қызылорда облысының кәсіпкерлер Палатасы аймақтық кеңесінің төрағасы, «Best Service Ltd» фирмасы» ЖШС бас директоры Махамбетов Аскар Аралбайұлына анасы

Махамбетова Қанымжанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

«Қазгермұнай» БК» ЖШС басшылығы мен ұжымы «Best Service LTD» компаниялар тобы директорлар кеңесінің Төрағасы Махамбетов Аскар Аралбайұлына анасы

Махамбетова Қанымжанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» акционерлік қоғамының басшылығы мен кәсіподақ ұйымы Қызылорда облысының кәсіпкерлер Палатасы аймақтық кеңесінің төрағасы, «Best Service Ltd» фирмасы» ЖШС бас директоры Махамбетов Аскар Аралбайұлына анасы

Махамбетова Қанымжанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының ұжымы су шаруашылығының ардагері

Микеев Есен Микейұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ОҢТҮСТІКТЕН – СОЛТҮСТІККЕ

800 БОС ЖҰМЫС ОРНЫНА МАМАН ШАҚЫРАДЫ

Тұрақты жұмысқа орналасып, баспана бақытына кенелгіңіз келе ме? Ендеше, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» бойынша Солтүстік Қазақстан облысына қоныс аударып, мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріңіз.

Жалпы, еліміздің солтүстік өңірінде қандай мамандықтарға сұраныс жоғары және терiскейге көшіп баратын отбасыларға қандай жағдай жасалады? Көпшіліктің көкейіндегі осы және өзге де мәселелер бойынша Солтүстік Қазақстан облысынан арнайы келген делегация өкілдері Қармақшы ауданында болған басқосуда кеңінен түсіндірді.

Мамандардың айтуынша, Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс күші жетіспейді. Қазіргі сәтте 800-ге жуық бос жұмыс орны бар. Себебі жастардың ауылда қалмай қалаға кетуі көп. Ал, атакәсіп – егін және мал шаруашылығымен айналысатын ауылдардың тұрмысы тұралап, таралып кетпеуі үшін адам санын көбейту керек. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы осы мақсатта жүзеге асырылып отыр. Енді бағдарламаның тиімділігі қандай деген сауалға жауап берсек, біріншіден, солтүстік өңірлерге қоныс аударған азаматтарға тұрақты жұмыс ұсынылады. Екіншіден, әрбір отбасы мүшесіне 35 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 79 415 теңгеден субсидия беріледі. Үшіншіден, тұрғын үйді жалға алсаңыз, коммуналдық қызмет пен пәтерақы бір жыл бойы тегін болады.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Мұрат Ергешбаев, бағдарламаның тиімділігін айтты.

– Елбасы тапсырмасына орай қолға алынып жатқан жұмыстар ел игілігіне бағытталған. Солтүстікке баратын халықтың бар шығынын мемлекет көтереді. Мұндай тиімді ұсыныстар халықтың әл-ауқатын көтеретіні сөзсіз, – дейді.

Солтүстік өңірдің табиғаты жанға жайлы, әсіресе мал өсіріп, егін егуге қолайлы. Мәселен, бір ғана Новомихайловка ауылдық округінде екі үлкен шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ондағы механизатор мен комбайншылар маусымдық жұмыс кезінде қосымшасымен миллионнан астам жалақы алады. Қармақшылықтармен кездескен осы ауылдың әкімі техника тілін меңгерген еңбекқор механизатор азаматтар болса, жұмыс дайын екендігін айтты.

Солтүстік Қазақстан облысы Новомихайловка ауылдық округінің әкімі Беркімбай Уәлиев: – Округке қарасты 5 ауыл бар. Негізгі тіршілік көзі – ауыл шаруашылығы саласы. Біз механизаторлар, комбайншыларға қатты зәрміз. Әсіресе, дәл осындай егін науқанында аса қажет. Айлығы 70 мыңнан жоғары. Ал, күзге қарай қосымша еңбекақымен табысын еселей түседі, – деді.

Ауыл шаруашылығы саласынан басқа педагогтар мен дәрігерлерге, дәнекерлеуші, құрылысшы, көлік жүргізуші, тігінші, тіпті шаштараз бен кондитерге де сұраныс жоғары. Мұндай жағымды жаңалықты естіген төретамдық Гүлшат Тұрғанбаева солтүстікке қоныс аударуға бел байлағанын айтады. Кент тұрғыны бұған дейін жеке кәсіпкерлердің қарамағында аспаз, кондитер болып нәпақасын тауып жүрген. Балаларының болашағына алаңдаулы ана енді тұрақты жұмыспен қамтылып, баспанаға ие болады.

– Төрт балам бар, басымызда баспана жоқ. Осы бағдарлама арқылы баспаналы болып, жұмыс істесем деймін. Маған лайық жұмыс орындары да жеткілікті екен. Тілдік байланыс жағынан ешқандай алаңдаушылық жоқ, – дейді Гүлшат. Ал Жұмағұлов Амангелді есімді жас жігіт білім ошағына программист мамандығымен баруды көздеп отырғанын айтты.

– Солтүстік болсын, Оңтүстік болсын, барлығы – өзіміздің Отанымыздың жері. Мемлекеттің беріп жатқан жұмысы, көмегінің арқасында өз мамандығыммен жұмысқа баруға бел буып отырмын. Келіншегіме де жұмыс табылатын болды. Өкілдермен сөйлесіп барлығын нақтылап алдым. Енді қабырғаммен кеңесіп жолға шығамын, – дейді жас педагог.

Жалпы Қармақшы ауданында 54 мыңнан астам тұрғын болса, олардың бес мыңға жуығы жұмыссыз. Екі қолға бір күрек таппай жүрген қармақшылықтар мұндай мүмкіндікке қызығушылық танытып, солтүстікке қоныс аударуға ниет білдіріп жатыр.

Соңғы жылдары облыста Елбасы тапсырмасына сәйкес оңтүстік өңірлерде жұмыс күшінің көп болуына байланысты солтүстік аймақтарға қоныс аудару мәселесі қолға алынған болатын. Былтыр соның нәтижесінде, біздің өңірден бес отбасы Павлодарға көшіп барып, жұмысқа тұрды. Бүгінде олардың әл-ауқаты, тұрмысы жақсы, жұмыстары жұғымды.

Түсіндірме жұмыстарынан соң солтүстік аймақтан келген өкілдер жұмыс іздеген жандарға барлығы 323 мекемеден 790 бос орын ұсынды. Оның ішінде қазақ тілі, бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиеші, дәрігер, бақташы, механизатор, педагогтардан бастап, дәнекерлеуші, құрылысшы мамандықтары да бар. Жұмыс жасауға ниеттілер үшін баспана, алғашқы көтерме жәрдемақылар міндетті түрде берілетіні тұрғындарға ескертілді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Жаңақорған, Шиелі, Қармақшы аудандары.

1-бет

КҮРЕЖОЛДАҒЫ КЕЛЕҢСІЗДІК: ШУ НЕДЕН ШЫҚТЫ?

Жақында Youtube желісінде халықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің Қызылорда облысы аумағындағы бөлігінің сын көтермейтін сапасы, жол бойындағы былық-шылық туралы материал жарық көрді. Оның авторы, видеоблогер Азамат Ерғалиев шамадан тыс жүк артқан көліктердің көп өтетінін, көлік инспекциясы қызметкерлерінің бұған көз жұма қарайтынын көтеріпті. Кеше әдеп жөніндегі кеңестің кезекті отырысына осы мәселе арқау болды.

Күрежолдың ең үлкен учаскесі Сыр өңіріне тиесілі, ұзындығы 800 шақырымнан асады. Осы аралықта екі жылжымалы көліктік бақылау бекеті жұмыс істеп тұр. Блогер қаузаған мәселені қоғамдық мониторинг тобы да зерттеп көрді. Көліктің салмағын өлшеуші таразыдағы мәліметті тіркейтін қондырғыны инспекция қызметкерлері өздері қолмен қосып-ажырататын, мәліметтерді флешкаға енгізіп отыратын боп шықты. Ал таразының жадында мәлімет толық сақталмайды. Бар болған күннің өзінде флешкадағы деректермен сәйкес келмейді. Жылжымалы бақылау бекеттеріндегі ақпараттық база тек «Beeline» интернет желісіне қосылған. Халықаралық дәліз бен басқа тас жолдардың кейбір учаскелерінде ол тартпайды. Жүргізушілер мен инспекцияның жұмысына бұл да кедергі. Автокөлікке орнатылған бейнекамерадан бөлек, қызметкерлерде бейнежетон, қол рациясы дегендер жоқ. Содан кеп жүргізушімен тікелей байланысын бақылау мүмкін емес. Қандай да бір талап бұзылған жағдайда нақты дәлел табу мұң.

Облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Гүлмира Пірназарова видеожазбадағы кейбір жайттар қисынға келмейтінін айтқанымен, құқықбұзушылық атаулы азаймай отырғанын жасырмады. 2015 жылдың қарашасынан бастап бүгінгі күнге дейін көрсеткіш алдыңғы жылға қарағанда 3 есе артқан. Оның 70 пайыздайын инертті жүкті рұқсат етілген көлемнен артығымен алып жүру деректері құрайды. Осы үшін 912 құқық бұзушы әкімшілік жазаға тартылған.

– Салынған айыппұл мөлшері де еселеніп, 171,5 млн теңгеге жетті. Қазір соның 160,7 млн-сы өндірілді, – деді Г.Пірназарова.

Көптің талқысына түскен мәселе әлі де зерттеліп-зерделенеді. Облыс бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Абзал Мұхимов облыс орталығы мен аудандардың, ауылдар арасындағы айқыш-ұйқыш жолдардың жағдайына, техникалық байқау мәселесіне бірлескен рейд ұйымдастыру керектігін айтты. Оған қоғамның қарапайым өкілдері де жұмыла алады.

Кеңес отырысында тағы екі мәселе қаралды. Жаңақорған ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Семсер Асенов тәртіптік жазасының мерзімі бітпей жатып мерекe күндеріне сыйақы алған. Өзі мұны «білместікпен істедім» деп мойындап отыр. Және артық ақшаны қайтарып та берген. Кеңес мүшелері оған қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды. Ұсыныс аудан әкімінің атына жолданды.

Одан соң Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің сектор меңгерушісі Ербол Исаевтың тәртіптік жазасын мерзімінен бұрын алу мәселесі қаралды. Кеңес мүшелері бұған келісім берді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Астана қаласында ҚР Президентінің жүлдесіне арналған ерлер мен әйелдер арасында спорттық және әскери самбо бойынша әлем кубогы өтті. Жаһандық жарысқа Сыр спортшылары да қатысып, жерлестеріміз жүлдемен оралды.

Бәсекеге облыстан жеті спортшы аттанып, оның бесеуі жеңіс тұғырына көтерілді. Атап айтсақ, 57 келі салмақта әскери самбодан Наурызбек Дәулетбаев, самбодан 74 келіде Ғалымжан Абдрахманов жарыс жеңімпазы атанды.

Сондай-ақ самбодан 60 келіде Жансая Мұрат, 62 келіде Дархан Сержанов және 72 келіде Динара Қодарова қола жүлдеге қол жеткізді. Сыр сақлақтарын сайысқа дайындаған Әділбек Серікбаев, Марат Асылов, Төлеби Төлепов, Жанар Дүйсекенова секілді білікті бапкерлер.

Дүбірлі бәсекеге әлемнің 16 елінен 200-ден астам спортшы қатысты. Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы бірінші орын алып, Кубок иегері атанды. Екінші орынға Грузия құрамасы тұрақтаса, үздік үштікті Ресейден келген спортшылар қорытындылады.

Енді Сыр спортшылары қыркүйек айында Түркіменстанның Ашхабад қаласында өтетін Азия ойындарына қатысады. Сондай-ақ, Ғ.Абдрахманов пен Н.Дәулетбаев қараша айында Сочиде болатын Әлем чемпионатында ел намысын қорғайды. Жерлестерімізге байрақты бәсекелерде сәттілік тілейміз.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49,
70-00-52
телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail:
smjarnama@mail.ru

ТЫҢ ТУЫНДЫ

«ШЫҢДАҒЫ ШЫНАР»

«Қоғам, өмір және адам» – бірбірінен еш ажырағысыз, ортақ мүдде тоғысқан біртекті, бірегей тұжырым. Қоғамсыз өмір жоқ, ал өмірсіз адамның да болмайтындығы белгілі. Содан да белгілі қаламгер, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Еркін Әбіл өз жазбаларында адамның қоғамдағы алар орнын деректі-эссе жанрында жазуды басты мақсат етеді. Деректі-эссені публицистикалық жанрда жазылған көркем шығарма деп те атауға болады.

Еркін Әбілдің жоғарыдағы тақырып негізінде жазылған «Адам бір көшкен керуен», «Үлкен саясат: тұлғалар мен тағдырлар», «Өтпелі кезең өткелдері», «Теңізбен тағдырлас», «Жер-анамен тамырлас» атты кітаптары жарық көрген. Енді, міне, «Шыңдағы шынар» атты деректі-хикаят та оқырмандар олжасына айналып отыр.

Қазыналы Қазалы топырағында дүниеге келіп, ғұмыр бойы адам баласының басты байлығы – денсаулығын сақтауға күн-түн көз ілмей шипалығын жасап жүрген ақ халатты абзал жан Шынтас Зетов – осы шығарманың басты кейіпкері. «Атыңды тану оңай да, ал адамды тану қиын» дегендей, кітапта Шынтастың өзіндік бітім-болмысы, дүниеге көзқарасы, денсаулық сақтау саласындағы өлшеусіз еңбегі көркем тілмен бүкпесіз баян етілген. Адам денсаулығын сақтаудағы оның орасан еңбегін ұрпақтарға ұлағат ету парызы өтелген. Айтқандай, басты кейіпкердің жүріс-тұрысы, іс-әрекеті мен өмірге көзқарасынан қызықты оқиғаларға кезігіп, тәлімді тәрбие аласыздар.

«Кселл» Қазақстанның тағы жеті қаласын 4G/LTE желісімен қамтыды

«Кселл» компаниясы Қазақстанда 4G/LTE желісін дамытуды жалғастырып жатыр. 2017 жылдың алты айында жоғары жылдамдықты мобильді интернетке Риддер, Тараз, Түркістан, Қызылорда, Петропавл, Шемонаиха, Екібастұз қалаларының тұрғындары тұңғыш рет қол жеткізді. Өткен жылдың тамызынан бері төртінші буын желісімен қазақстандықтардың 40%-дан астамы тұрып жатқан барлығы 20 қала қамтылды.

«Төртінші буын желісі іске қосылған сәттен бері біз өз абоненттеріміз қолданатын трафик көлемінің тұрақты өсіп келе жатқанын байқаймыз. 2017 жылдың бірінші тоқсанында бұл көрсеткіш өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 68%-ға жуық өсті. Осы жылдың мамырында біз 4G+ (LTE Advanced) желісін Алматы мен Шымкентте іске қостық, 2017 жылдың соңына дейін желі Қазақстанның тағы 9 қаласында пайда болады. Абоненттеріміздің төрттен бірге жуығы 4G/LTE желісін қолданып отыр. Біз қамту аймағының дамуы мен төртінші буын желісін ұстайтын мобильді құрылғылардың көп енуінің арқасында желімізде 4G және 4G+ қолданушыларының саны артады деп есептейміз», - дейді «Кселл» АҚ коммуникациялар бөлімінің жетекшісі Наталья Еськова.

Бүгінде Kcell Store дүкендерінен танымал өндірушілердің 4G және 4G+ технологиялары қабылданатын мобильді құрылғыларының барлық жаңа түрін сатып алуға болады. Kcell және activ абоненттері үшін 4G+ (LTE Advanced) желісіндегі мобильді интернеттің құны қолданыстағы 3G және 4G желілеріндегі баға деңгейінде қала береді.

«Кселл» төртінші буын желісін LTE желілеріне арналған телекоммуникациялық жабдықтар өндірісі бойынша әлемдік көшбасшы – Ericsson компаниясының техникалық шешімдер базасында орнатып жатыр.

Компания еліміз бойынша интернет байланысы мен дыбыс қызметтері сапасын тұрақты түрде бақылап отырады. 2017 жылдың бірінші тоқсанында «Кселл» инженерлері желі сапасын тексеру үшін 5 мың шақырымға жуық жол жүріп шықты. Алматы мен Шымкенттегі драйв-тест кезінде өлшемдер ең жоғарғы мәнді - халықаралық POLQA (ағ. Perceptual Objective Listening Quality Assessment – сөздің естілетін сапасының объектив бағасы) алгоритмі қолданылатын (MOS (ағ. Mean Opinion Score – сөз түсініктілігінің орташаланған бағасы) шкаласы бойынша 5 балдан 4,45 және 4,44-ті көрсетті.

(ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен 1998 жылдың 8 маусымында №ДС 0000270, мерзімсіз мемлекеттік лицензиясы берілген)

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

«МҚҰ «KMF (ҚМФ)» ЖШС Қызылорда филиалының орналасқан жері, заңды мекен-жайы өзгеруі туралы хабарлайды.

«МҚҰ «KMF (ҚМФ)» ЖШС Қызылорда филиалының жаңа мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Астана даңғылы 35. Тел.: 8(7242) 24 87 81, 24 87 75.

* * *

ТОО «МФО «KMF (КМФ)» извещает об изменении юридического адреса и местонахождения Кызылординского филиала. Новый адрес Кызылординского филиала ТОО «МФО «KMF (КМФ)»: город Кызылорда, проспект Астана 35. Тел.: 8(7242) 24 87 81, 24 87 75.

ҚР Экологиялық Кодексінің 57-бабына сәйкес «Қазгермұнай» БК» ЖШС (жобалаушы – «Каспиймұнайгаз ҒЗИ» ЖШС) «Оңтүстік Ақшабұлақ мұнайлы кенішін игеру жобасына» арналған «Қоршаған ортаға тигізетін әсерін алдын ала бағалау жобасын» Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне жіберілгенін хабарлайды.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@yandex.kz
www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланбаған газеттің түпнұсқалы кезқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Жарнаманың шынайылығына редакция жауап бермейді.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"

Таралымы 29460
Тапсырыс № 845